

**Білім магистрі, бастауыш сынып мұғалімі
Досанова Б.Ж.**

«№ 4 Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ, Сәтбаев қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЕСІМДІКТЕРДІ ОҚЫТУ

Қазіргі сабаққа қойылатын талап пен сабақтың дидактикалық құрлысын әдістемелік, логикалық-психологиялық ішкі құрылымын көз алдына анық елестетуі мұғалімге сабақтың мақсаты мен міндетін дұрыс белгілеуге мүмкіндік береді. Жаңа оқу материалын баяндаудың желісін еркін өзгертуге, оқу материалының түсінікті болуын қамтамасыз етуге, сабақтың құрылымдық бөлшектеріне қарай мұғалім мен оқушы іс-әрекетін, әсіресе жалпы оқу икемділіктері мен қатар тақырыптық жоспарды пайдалану арқылы оқушылар алдына қойылатын мақсат-міндеттерді жеңілдетуге немесе күрделендіре түсуге болады [1]. Мысалы, оқулықпен өз бетінше жұмыс істеу, оқу мәтінін мазмұнына қарай бөлу, ат қою, тапсырманы жаднама, ескертпе көмегімен орындау т.б. Мысалға аралас сабақтың мына жоспарын келтірейік:

I. Тақырып: Есімдік, 1, 2, 3 – жақ есімдіктері.

Сабақтың мақсаты. Оқушыларды есімдіктің қолданылу ерекшелігімен таныстыру. Сонымен бірге оқушыларды сұраққа жазбаша жауап беру, қорытынды жасау, кітаппен жұмыс істеу, байланыстыра сөйлеу, өзін-өзі және өзара бақылау, тексеру сияқты икемділіктерге баулу. Сабақ типі – аралас сабақ.

Әдістер: оқытудың ауызша және түрлі әдіс-тәсілдерін (оқулықпен, таблицамен, өздігімен, суретпен істелетін жұмыстар) пайдалану.

Сабақтың құрал-жабдықтары: суреттер, «Есімдіктер» кестесі, түсті бор, электронды тақта.

2. Сабақтың барысы.

2.1. Өткен материалды қайталау (зат есім, сан есім, сын есім). Жаңа материалды түсіндіру.

Қосымша мақсаты: тез әрі байланыстырып жазу икемділігіне жаттығу.
Байланыстыра сөйлеуді дамыту.

2.2. Сөздік жұмысы: күрделі сын есімдерді дұрыс жазу икемділігіне жаттығу. Түрлі түсті суреттерді көрсету арқылы ойлаған сөздерін вариант бойынша оқушыларға жаздырту: сан есімдердің *-ыншы, -інші* жұрнақтарының жазылуын жаттықтыру.

I нұсқа/ қара ала

II нұсқа/ қою қара

2.3. Оқушылар бірін-бірі тексереді (мақсат: өзара бақылау, тексеру икемділігіне жаттықтыру).

2.4. Оқушылардың білімін бағалау.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын жариялау.

3.1. Жаңа ұғымды және іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру.

3.2. Сөз табының бірі – есімдікпен таныстыру. Оқушыларға тапсырма:

Қай автордың кітабын жақсы көретіндеріңді жазыңдар.

Ана тілі сабағында бұл автордың қай әңгімесін оқыдыңдар?

Өз жолдастарының арнап бірнеше сұрақ жазыңдар.

Сен деген сөздің орнына қай уақытта сіз деп атаймыз?

Бұл қойылған сұрақ-жауаптарда «есімдік» ұғымымен таныстыру мақсаты қойылады. Сонымен қатар мұғалім сөзін тыңдау білу және сұраққа ауызша, жазбаша жауап беру икемділігін қалыптастыру сияқты жанама мақсаттар да ескеріледі.

Дәптерге мәтінді жазу: *Ерте кезде адам жабайы жануарларды қолға үйретті. Адам жануарларды өзіне қызмет еткізді* (басқа да зат есім, сын есім сөздерді алмастыру үшін мысалдар жазылады). Мұғалім: Қайталау болмас үшін екінші сөйлемдегі «адам» деген сөзді қандай сөзбен ауыстыруға болады (қосымша мақсат салыстыруға үйрету. Мысалдардың бірі осылайша салыстырылады).

3.3. Сөйлемдерді *мен, біз, сен, сіз, ол, олар* сияқты сөздерді теріп алыңдар. Олар қандай сөздер: «ол» сөзі ше? Қай сөз табы орнына қолданып тұр?

Жауап: «ол» есімдігін зат есім – «адам» сөзі орнына қолдандық.

Ереже: Есімдік – сөз табы, ол затты атамайды, зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалады. Сөйтіп, оқушылар жаңа білімнің белгілі бір бөлігін меңгеріп, қорытынды жасауға үйренеді. 1, 2, 3-жақ есімдіктерімен таныстыру. Мұғалім әңгімесі: Есімдіктер үш жақта айтылады, жекелеген, көпше түрі болады.

Тақтаға ілінеді:

жақтар	Жекеше	Көпше
1-жақ	мен	біз
2-жақ	сен	сендер (сіздер)
3-жақ	ол	олар

Әңгіме. 1-жақ есімдіктері әңгіменің өзі туралы айтылғандығын көрсетеді, оны мен деп атаймыз; үш жақтағы есімдіктердің мазмұны сипатталады.

4. Өз бетімен істелетін жұмыс. Тақтадағы таблица дәптерге көшіріп жазылады. Орындалған жұмыс өзара тексеріледі. Мұғалімнің көмегімен қорытынды жасалып ереже оқылады.

4.1. Қолдану. Жаттығуды орындау. Өзара тексеру. Шығармашылық жұмыс. «Ұлытауға барғанда» тақырыбына арналған сурет бойынша есімдіктерді қолданып, сөйлем құрау.

4.2. Сабақты қорытындылау. Мына сұрақтарға жауап алу:

а) Қай сөз табымен таныстық? ә) 1, 2, 3 – жақ есімдіктерін атаңыз.

б) Есімдіктердің зат есімдерден айырмашылығы қандай?

Сабақтың бұл кезеңінде байланыстырып сөйлеу, логикалық тұжырым, қорытынды жасау, салыстыру, талдау сияқты икемділіктер қалыптастырылады.

5. Үйге тапсырма. 342-жаттығу. Есімдіктерді таблицаға түсіру. Ережені оқу.

Сабақты жоспарлау және оны жүзеге асыру кезінде мұғалімдер сабақты өткізуге, оны әдістемелік жағынан толықтыруға ерекше мән береді.

Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. – 305 б.